

Астана қаласы әкімдігінің «№32 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
Қамқоршылық кеңес отырысы

7-ақпан, 2025ж.

ХАТТАМА №4

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес құрамы

Шақырылғандар:

Мектеп директоры: Байтас Г.Б.

Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Шалахаев Б.Ж.

ҚК хатшысы: Садыкова З.С.

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын ұйымдастыруда Алматы аудандық полиция қызметкерімен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізу туралы /Жанашев А.С./
2. Оқушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сабақтардың дұрыс өтуін қадағалау мақсатында оқу кабинеттеріне камералар ортану туралы;
3. Алматы ауданының әкелер кеңесінің ұйымдастыруымен «Күшіміз бірлікте» волейболдан қалалық турнир өткізуді жоспарлау (жоспар,ережесі);
/Шалахаев Б.Ж./
4. Мектепшілік наурыз мерекесінің өту жоспарымен таныстыру.
/Шалахаев Б.Ж./

Кеңес барысы:

1. Қамқоршылық кеңестің төрағасы Жанашев Азамат Сейлбекович Білім беру ұйымының әкімшілігіне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын ұйымдастыруда Алматы аудандық полициясының қызметкері Мухаметов Мурат Махмұтович жоғары сынып оқушыларымен кездесуге шақырып, «Академиялық шындық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» жөнінде әңгіме-лекция жүргізуді жоспарлады. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Алматы аудандық полиция қызметкері қамқоршылық кеңестің құрамындағы ата-ана, Астана қаласы ПД "Алматы" ауданы ПБ ОМПС учаскелік полиция инспекторы Джанасов Мухан Алтынбекұлы білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, нашакорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, қаңғыбастықтың, қайыршылықтың, қорлаудың, ойынға құмарлықтың алдын алу тақырыптарында кездесу өткізуді жоспарлады.
2. Екінші мәселе бойынша мектептегі құқық бұзушылықтың орын алуына және буллингті қадағалау мақсатында оқу кабинеттеріне видео камералар орнату туралы ұсынысын ТІЖО Б.Шалахаев айтып өтті. Бұл мәселе бойынша жалпы жиналыста ата-аналарға, мұғалімдерге хабарлама жасалғаны айтылды.
3. Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Шалахаев Б.Ж. Алматы ауданының әкелер кеңесінің ұйымдастыруымен «Күшіміз бірлікте» волейболдан қалалық турнир өткізуді Алматы ауданы әкелер кеңесінің төрағасы Новасад Юрий Владимирович және ЕНУдың Криптология кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Тәңірбергенов Әлібек Жұматайұлымен бірге, өту күні мен ережесін таныстырып жоспар бойынша айтып өтті.
4. Наурыз мерекесінің өту жоспары, ұлттық атаулы күндер мен мерекеге шақырылатын қонақтар жайында Бекайдар Жылқайдарович таныстырды. Мектеп холлдарын безендіру, көрмелер қою, ұлттық нақыштағы киімдер киіп жүру, видеороликтер мен құттықтау роликтерін түсіріп, киіз үй құру жайында айтты.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің ұйымдастыруы мен Алматы аудандық полициясының қызметкері М.Мухаметов жоғары сынып оқушыларымен «Академиялық шындық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» жөнінде әңгіме-лекция ұйымдастырылсын және Қамқоршылық кеңес құрамының қатысуымен білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, қаңғыбастықтың, қайыршылықтың, қорлаудың, ойынға құмарлықтың алдын алу тақырыптарында кездесу өткізілсін.
2. Мектептегі құқық бұзушылықтың орын алуына және буллингті қадағалау мақсатында оқу кабинеттеріне видео камералар орнатылуға ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, қолдау жасалсын;
3. Әкелер кеңесінің ұйымдастыруымен «Күшіміз бірлікте» волейболдан қалалық турнирдің жоспары мен ережесі бекітіліп, өткізілсін. Іс-шараның өтуіне жауапты болып Шалахаев БЖ. бекітілсін.

/ Төраға: 
Хатшы: 

Жанашев Азамат Сейілбекович
Садыкова Замзагуль Сериковна